

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 558 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 қарашадағы N 1605 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.19. N 269 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қосылған құнға салынатын салығы Қазақстан Республикасы мемлекеттік кеден комитетінің келісімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін, ауыл шаруашылығы өндірісіне пайдаланылатын импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің және тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 558 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 16, 131-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген, Қосылған құнға салынатын салығы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің келісімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін, ауыл шаруашылығы өндірісіне пайдаланылатын импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің және тауарлардың тізбесі реттік нөмірлері 265-268, мынадай мазмұндағы жолдармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"265 Металдардың бетін өңдеуге арналған	3810 10 000
препараттар: бояу балқитын ұстатқышпен	
дәнекерлеуге арналған немесе металдан	
тұратын және басқа да материалдарды	
дәнекерлеуге арналған ұнтақтар мен	
пасталар	
266 Күрделі органикалық, басқа жерде	3814 00
аталмаған езгіштер мен қосқыштар:	
бояуларды немесе лактерді кетіруге	
арналған дайын құрамдар	
267 Теледидарлардың пластмассалық	3901-3914-тен
бөліктерін өндіруге арналған полимер*	(3902, 3909
	1 0 0 0 0

қоспағанда)

268 Теледидарлар шығаруға арналған  
жинақтаушылар

8529 90"

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК